

Қостанай облысында балалардың бос уақыты мен жазғы демалысын ұйымдастыру туралы ақпарат

Оқушылардың бос уақытын пайдалы ұйымдастыру, каникул кезеңінде үздіксіз тәрбие үдерісін қамтамасыз ету, балалар мен жастар арасындағы келеңсіз жағдайларды алдын алу мақсатында білім беру органдарымен 2014 жылы балалар мен жасөспірімдердің жазғы кезеңдегі сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтуын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

2014 жылғы жазғы кезеңде Қостанай облысында **14** қала сыртындағы лагерьлер жұмыс жасады (*9 – мемлекеттік, 5 - жекеменшік*), онда 9950 мың бала мен жасөспірімдер сауықтырумен, демалыспен қамтылды.

Жалпы білім беретін мектептердің жанынан 459 мектеп жанындағы лагерь тамақтанумен қамтылды, онда 24510 оқушы қамтылды және 488 алаңдар тамақтанусыз, онда 28233 оқушы қамтылып жұмыс жасады. Бұдан басқа облыста 23 мектеп орман шаруашылығында 367 оқушы, 13 шатырлы лагерьлерде – 2562 оқушы, 13 дебаттық лагерьлерінде 251 балалар мен жасөспірімдер қамтылды.

Жыл сайын ең алдымен жетім балалар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға аса көңіл бөлінеді.

3 Жетім балаларға арналған ұйымдардың жекеменшік қала сыртындағы демалыс базалары бар, онда жыл сайын балалар жаз бойы демалады:

- Қостанай облыстық Балалар үйі (Генерал Бәкіров атындағы қала сыртындағы лагерь);

- «Жетім балаларға арналған №1 Рудный түзету мектеп-интернаты» («Лесная сказка» қала сыртындағы лагерь);

- «Жетім балаларға арналған №2 Қостанай түзету мектеп-интернаты» («Алтын гүл» қала сыртындағы үй). Аталған демалыс базасында 690 жетім балалар демалды.

Жекеменшік қала сыртындағы демалыс базалары жоқ білім беру ұйымдарының 250 тәрбиеленушілері Ақмола облысы «Орленок» жазғы лагерьінде демалды.

2014 жылғы жазғы кезеңде барлығы 76020 оқушы сауықтырылумен және демалыспен қамтылды. Бұл көрсеткіш 80,3 % пайызды құрайды.